



Автор: ТУРГУМБАЕВА ЛАЗЗАТ СЕРИКОВНА
Пән: География
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Зерттеу және зерттеушілер
Тақырып: География ғылымының салалары

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:	Географияны зерттеу тәсілдері
Сабақтың тақырыбы	География ғылымының салалары
Сабақта іске асатын оқу мақсаттары:	8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді 8.1.1.2 география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтайды
Сабақтың мақсаты:	Барлығы саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттайды. Көпшілігі ұлы географиялық ашылулар мәтінін пайдаланып, кескін картаға саяхатшылардың жүрген жолдарын түсіріп түсіндіре алады. Кейбіреуі саяхатшылар мен зерттеушілердің жүрген жолдарын жоққа шығару немесе дәлелдеу арқылы еңбектеріне баға береді.
Бағалау критерийі	География ғылымының дамуына саяхатшылар мен зерттеушілердің қосқан үлестерін анықтап талдай алады. Географиялық саяхатшылар мен зерттеушілердің жүрген жерлерін картадан анықтай алады. Ғалымдардың ғылыми-зерттеулеріне баға бере алады.
Тілдік мақсаттар	- География ғылымының дамуына үлес қосқан саяхатшылар мен зерттеушілер туралы түсіндіре алады. - Зерттеушілер, саяхатшылар, географиялық қоғам, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы, География институты, сел – терминдермен жұмыс жасай алады. - Ұлы географиялық ашылулар кезеңінің зерттеген саяхатшылар туралы бейне материалы көрсетеді. - Ұлы географиялық ашылулардағы саяхатшылар мен зерттеушілердің жүрген жерлерін дұрыс не бұрыс екендігін дәлелдей аласың ба?
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік ел» құндылықтарын іске асыру .Топтық және жұптық жұмыстарды орындауда бір-біріне құрмет көрсету . Оқушылар бір – бірінің ойын тыңдайды, өзара сыйластықты қалыптастырады. Жұпта, топта, топпен жұмыс істей білу. Оқушылар белсене қозғала отырып, сымбаттылықтарын сақтауға жаттығу
Пәнаралық байланыс	Тарих, метеорология.
Алдыңғы білім	География ғылымының дамуына үлес қосқан басқа да зерттеушілерді айта алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (0-5)	Ұйымдастыру кезеңі: - Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал туғызу. Оқушылар бір біріне мадақтау сөздерін айтады. (жұпта) Сандықтағы қиынды қағаздар арқылы 3 топқа бөлінеді. 1. Саяхатшылар 2. Зерттеушілер 3. Ғалымдар Бүгінгі тақырыпты түсіну үшін оқулықтағы мәтінге бір шолу жасау керек. Сызба нұсқа арқылы география ғылымының салаларын және оларға мысал келтіріп түсіндіреді: Дескриптор: • География ғылымы нені зерттейтінің анықтайды; • География ғылымының салаларына мысал келтіре алады • География ғылымының маңыздылығын айта алады. Оқушыларға дұрыс жауап үшін бағалау Сандық, қиынды қағаздар.	
--------------------------------	--	--

Сабақтың ортасы
(5-30)

Топта жұмыс (Әр топқа жеке тапсырмалар беріледі):

Сәйкестендіру

Саяхатшылар:

Ежелгі зерттеушілер туралы ақпаратты тыңдайды.

Тапсырма:

Ежелгі зерттеушілердің сынарын тауып сәйкестендіру

1.В 2.А 3.С 4.Е 5.Д

1.Мысырлықтар А) бірінші рет «география» ұғымын енгізген

2. Эратосфен В) жылдың ұзақтығын анықтап күн күнтізбесін жасады.

3. XV-XVII ғасырлардың

ортасында С) географиялық өзгерістерді ғылыми тілде түсіндіріп, алғаш рет масштабты қолданып карта жасаған.

4. Фалес және

Анаксимандр D) Махмұд Қашғари «Дүниежүзінің дөңгелек картасы» атты еңбегінде түркі халықтарының қалаларына және жер бедеріне сипаттама берген. 5.Ежелгі грек

ғалымы Геродок Е)Ұлы географиялық ашылулар басталды.

Бағалау

Дескриптор:

- Ежелгі зерттеушілер туралы түсінік қалыптастыра алады.
- Зерттеушілердің зерттеген аймақтарын анықтайды.
- Саяхатшылар мен зерттеушілердің ғылымға қосқан үлестерін талқылайды;
- Зерттеушілердің сынарын таба алады.

Зерттеушілер: Орыс ғалымдарының зерттеулері туралы.

Тапсырма:

Берілген орыс зерттеушілердің зерттеген аймақтарын жазады

1. Н.А.Северцев

2. В.В.Сопожников

3. В.В.Докучаев

4. В.А.Оручев

Дескриптор:

- Орыс зерттеушілердің зерттеген аймақтарын анықтайды.
- Зерттеушілердің жүріп өткен жерлерін картадан анықтайды;
- Саяхатшылардың ғылымға қосқан үлестерін талқылайды;

Ғалымдар:

География ғылымының дамуына үлес қосқан қазақ зерттеушілері туралы тыңдайды.

Тапсырма:

Ш.Уәлиханов пен Қ.Сәтбаев туралы эссе жазыңыз.

Дескриптор:

- Қазақ зерттеушілерінің зерттеген аймақтарын анықтайды
- Эссе бойынша қазақ зерттеушілерінің еңбектерін жазады;
- Зерттелген аймақтарының маңыздылығын түсіндіреді

Кір жаятын жіпте сабақтағы негізгі ұғымдар ілу керек.

Тапсырма:

Ұғымдарды ретімен орналастырып кестені толтырады.

Негізгі ұғымдар: зерттеушілер, саяхатшылар, географиялық қоғам, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы, География институты, сел.

Терминдер Мағынасы

1.

2.

3.

4.

5.

6.

Дескриптор:

- Ұғымдардың мағынасын анықтайды;
- Терминдерді түсініп жазады.
- Ұғымдарды еске сақтайды.

Сергіту сәті: «Адам адамға»

Топтағы адамдар жұп-жұбымен бір-біріне қарама-қарсы тұру қажет.

Жүргізуші дененің бір мүшесін айтқан кезде, жұптар дене мүшелерін бірін-біріне тигізу қажет. (Мысалы, қол-қолға, аяқ-аяққа...) Кейін жұптар ауысады.

Сабақтың соңы (30-38)	Тапсырма: сабақты қорытындылау үшін тест 1. «География ғылымының атасы» А)Страбон В)Эратосфен С) Птоломей D)Аристотель Е)Пифагор 2. Карта бойынша жүрген жолдарын белгілеу. 3. Ұлы географиялық ашылулар кезеңі көрсет А)XV-XVII ғ В)XIV-XVI ғ С) XVII-XIX ғ D)XVII ғ Е)XI ғ Е)XII ғ 4.Қазақстанда география қоғамы қай жылы пайда болды. А)1949 В)1952 С) 1962 D)1975 Е)1983 Сабақты бекіту: 1.Географиялық білім көздеріне нелер жатады? 2.Жергілікті жерді танып білу үшін қандай құралдарды қолданамыз? 3.Жергілікті жердің табиғатын білу қаншалықты маңызды деп ойлайсың?	
Рефлексия (38-40)	«Плюс-минус-қызықты» әдісі Оқушыларға сабақ соңында кестені толтыру ұсынылады: П(+); М(-); Қ (қызықты). «П»-«плюс» бағанына сабақта ұнаған нәрсе жазылады: ақпарат, жұмыс түрлері, т.с.с. «М»-«минус» бағанына сабақтың ұнамаған немесе түсініксіз сәттері, оқушы пікірі бойынша оған ешқандай қажеттілігі жоқ ақпарат жазылады. «Қ»-«қызықты» бағанына оқушылар сабақта естіген қызықты мәліметтерді жазады, оған қоса тақырып бойынша білгісі келетін мәселелер бойынша мұғалімге сұрақтар жазуға болады.	